Делая вывод, можно сказать следующее, что использование стратегии развития критического мышления обучающихся, сотрудничество на занятиях позволяют всех обучающихся включить в учебный процесс, создать условия для формирования интеллектуальных умений обучающихся, обеспечить три составляющие успеха на занятиях: интеллектуальное и коммуникативное развитие и осознание значимости личного вклада каждого в общее дело.

Ход и итоги проведенного исследования подтвердили состоятельность выдвинутого положения о том, что умения критически мыслить будет развиваться у обучающихся при создании специальных условий обучения и использовании специальных средств технологии развития критического мышления [4].

На основании проведенного исследования были сделаны **выводы**:

1. Развитие критического мышления – является не отдельным навыком, а система

разнообразных умений и навыков. Они развиваются системно и постепенно, в результате формирования и воспитания личности. Развитие происходит быстрее, когда обучающиеся на занятиях активно участвуют в процессе обучения, и дополняют свой багаж знаний новыми, сравнивают то, что было увидено и приобретено в результате исследований, сопоставляют имеющие знания с иными трудами в этой сфере или в другой (опираясь на свои результаты определить междпредметные связи). Целенаправленное внедрение навыков и умений критического мышления в образование обязано развивать определенный вид познавательной деятельности и мышления.

2. Педагогическая технология развития критического мышления выдвигает свои особенности организации и осуществления обучения. На занятиях обучающей теме выдается главную роль: его зачитывают, готовят к пересказу, выполняют анализ, трансформируют, интерпретируют, дискутируют и пишут сами. В результате внедрения приемов и методов формирования критического мышления на занятиях создаются специальные условия, которые помогают обучающимся иметь возможность аргументировать свою точку зрения и постоянно ее отстаивать, принять чужую позицию, общаться с участниками при изучении материала. Все это способствует критическому осмыслинию обсуждаемых проблем, развитию социальных ценностей.

Литература:

1. Ruminski H.J., Hanks W.E. Critical Thinking Lacks Definition and Uniform Evaluation Criteria // Journalism and Mass Communication Education.1995. N 50/34. - p.4-11.
2. Гусаков В.П. Инновационные методы обучения в высшей школе: учебно-практическое пособие.- Петропавловск: СКГУ им. М.Козыбаева, 2007. - 92с.
3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И, Критическое мышление: технология развития. - СПб: Альянс «Дельта», 2003. - 148 с.
4. Бектемирова А. А., Дмитриев П. С. Развитие критического мышления на уроках «Познание мира» в начальной школе. Материалы I Международного заочного конкурса научно-исследовательских работ 12 октября 2015 года, 372-378.

УДК 691.33

БАЯНАУЛЬСКИЙ ПАРК: ХАРАКТЕРИСТИКА ТИПОВ МЕСТНОСТИ

Грачев И.Г.

(Национальный исследовательский Томский государственный университет)

Баянаульский государственный национальный природный парк создан одним из первых на территории Республики Казахстан. С тех пор парк стал любимым местом рекреации для жителей таких промышленных центров страны, как Караганда, Павлодар и других городов Центрального и Северного Казахстана. В настоящее время значение этой территории, своеобразной в природном, эстетическо-культурном и социально-экономическом отношениях, трудно переоценить. Именно поэтому важно представлять её природный потенциал и состояние ландшафтов.

За основу изучения ландшафтов исследуемой территории взята типологическая классификация, которая отображает совокупность рассматриваемых природных геосистем. Объектами в данной классификации будут служить типы местности. Поскольку существует несколько различных структурно-генетических классификаций, автором была использована классификация Заслуженного профессора МГУ В.А.

Николаева[1]. Главной особенностью его систематики является то, что по мере движения сверху вниз по иерархической лестнице таксонов, каждый очередной таксон в более глубокой степени характеризует выбранный объект. Таким образом, на верхних уровнях классификации происходит описание процессов формирования ландшафтов, а на более детальных уровнях описывается структурная сущность и детальность объекта, его уникальность, то есть сначала процесс классификации имеет генетический характер, который сменяется субстантивным.

Всего на территории Баянаульского национального парка выделено 12 типов местности. Из них к равнинным можно отнести семь типов:

- 1) денудационные степные равнины с типчаково-ковыльной растительностью на темно-каштановых почвах;
- 2) флювиальные равнины на пониженных участках, приуроченных к местным водотокам с луговой и кустарниково-ковыльной растительностью на засоленных почвах;
- 3) возвышенные предгорные денудационные равнины, занятые редколесьями и типичной степной растительностью на темнокаштановых суглинистых почвах;
- 4) аккумулятивные приозерные заболоченные луга с тростниками, осоковыми ассоциациями на лугово-болотных почвах;
- 5) межсопочные понижения на аккумулятивно-делювиальных отложениях с полынно-типчаковой растительностью на сильно солонцеватых почвах;
- 6) пологие склоны выровненных сопок с кустарниково-ковыльно-типчаковой степью на слабоизвестковых почвообразующих породах;
- 7) холмистые участки возвышенных равнин, сильно разрушенных, пенепленезированных с кустарниково-типчаковой растительностью на темно-каштановых почвах;

К горным ландшафтам отнесено 4 типа местности:

- 1) элювиально-делювиальные сильнодислоцированные участки предгорно-низкогорного рельефа с кустарниково-ковыльной растительностью на маломощных темно-каштановых почвах;
- 2) элювиально-делювиальные низкогорные участки на крутых склонах с выходом горных пород с сосново-березовыми редколесьями и кустарниково-разнотравно-типчаковой ассоциацией на маломощных темно-каштановых почвах;
- 3) элювиально-делювиальные низкогорные сильнорасчлененные участки с редколесьями и кустарниково-разнотравно-тырсовой ассоциацией с темно-каштановыми щебнисто-каменистыми малоразвитыми почвами;
- 4) складчато-глыбовые и глыбовые низкогорные гранитные островные хребты, покрытые сосново-березовыми и кустарниково-разнотравно-типчаковыми ассоциациями на темно-каштановых и каштановых почвах.

Кроме зональных типов природно-территориальных комплексов встречается и интразональный, представленный в виде межгорных долин степных низкогорий с караганово-ковыльно-типчаковыми ассоциациями на солонцеватых почвах. Межгорные долины на территории парка распространены практически повсеместно, подобное распространение обусловлено их генезисом. Они занимают причудливые и порой дендридные формы русел временных водотоков.

Следует обратить внимание на живописность ландшафтов парка. Так, например, расположение юго-восточнее от Кокчетавских гор низкогорье Ерментау(г. Ақдым, 899 м), связанное с ядром антиклиниория из докембрийских пород, с гранитными и кварцитовыми скалами, поднимается среди сухих степей с каштановыми почвами. Но здесь развиваются разнотравно-злаковые степи на горных щебнистых черноземах. Находящиеся южнее, но в тех же тектонической (каледонской) и широтной

ландшафтной (сухостепной) зонах, связанные с герцинскими интрузиями и Баянаульские(1026 м) и Каркаралинские(до 1403 м) горы имеют иной тип ландшафта. Поднятые новейшими тектоническими движениями на сотни метров и обнаженные интенсивной денудацией, гранитные интрузии придали рельефу большую живописность. В межгорных впадинах расположены прозрачные озера, например, озеро Жасыбай в горах Баянаула. На голых гранитных скалах в Баянаульских горах с характерными матрацевидными отдельностями растут сосновые леса и редколесья[2].

Среди мелкосопочника повсеместно распространены межсопочные долины, имеющие чаще всего удлиненную форму с неправильными очертаниями, расчлененную в большинстве случаев пересохшими руслами водотоков. Микрорельеф представлен промоинами, протяжинами, западинами, буграми. Почвенный покров небольших речных долин комплексный и в основном представлен лугово-каштановыми и луговыми почвами, солонцами и солончаками. Таким образом, после выявления и описания ландшафтных типов местностей Баянаульского парка, можно говорить о сложной морфологической структуре ПТК. В ландшафтах этой относительно небольшой, но компактной территории воплощается единство зональных, высотных и азональных условий природной среды. Именно поэтому Баянаульский природный парк обладает огромнейшим потенциалом для охраны уникальных природных комплексов, умеренной рекреации и, конечно же, научных исследований.

В целом, Баянаульский парк – это живописный уголок среди полупустынной степи со скучной растительностью. Часть территории является охранно-заповедной зоной, предназначеннной для сохранения ландшафтно-экологических систем и отдельных участков ландшафта, мест произрастания редких растений и обитания животных и птиц. Остальная же территория отнесена под зоны интенсивного и рассредоточенного отдыха и проведения экскурсий с учетом обязательного обеспечения охраны неповторимо прекрасной природы, но в будущем это требует оценки антропогенной трансформации ландшафтов парка.

Литература:

1. Николаев В.А. Классификация и мелкомасштабное картографирование ландшафтов. М.: МГУ, 1978. – 62 с.
2. Николаев В. А. Ландшафтоведение. Семинарские и практические занятия. Изд. 2-е перераб. и доп. - М.: Географический факультет МГУ, 2006. - 208 с.

ӘОЖ 911:33(574-25)

ТУҒАН ӨЛКЕСІ ЖАЙЛЫ ОҚУШЫЛАРДА ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТАРУДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ ОРНЫ

Ертуғанова А., Увалиев Т.О

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

Дүниетаным – адамның болмысы туралы және өзі туралы білімдерін қорыта талдайды, бүкіләлемді жалпы алғанда, ең маңызды мұddeлер мен қажеттіліктерді қозғайтын негізгі көріністерінде түсінуді және бағалауды қамтамасыз етеді. Дүниетанымда адамға барлық алынған білімдер проекцияланғандай болады, осының арқасында дүниетаным адам санасында қоршаған болмыстың белгілі бір көрінісін құрайды.

Қазақстан қоғамындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аталған мәселені шешуде белгілі бір қарама-қайшылықтарды: демократияландыру жағдайларындағы қоғамға, табиғатқа, өмірге адекватты емес көзқарастарды, қандай да бір оқиғаларды, фактілерді, процестерді бағалауды жасап шығаратын, әлемді өзіндік көрудің кеңеюі мен осының барлығын ғылыми негізге алып келу қажеттілігі арасындағы көптеген теориялық ережелерді, қағидаларды қайтадан ұғынудың, ой елегінен өткізу дің, жүріп жатқан қоғамдық процестерге жаңаша қараудың қажеттігі мен оны жүзеге асыруға әдістемелік амал-тәсілдердің жеткіліксіз жасап шығарылғандығы арасындағы қарама-қайшылықтарды өмірге әкеледі.

Дүниетанымның қалыптасуы, өзімізге белгілі болып отырғаныңдағы, ойлау операцияларының салыстырудың, талдаудың және синтездеудің көмегімен жүзеге асырылады. Ойлау операцияларының кейбіріне тоқтала кетейік. Бірқатар авторлардың пікірінше, салыстыру өз жерінің табиғаты, шаруашылығы туралы білімдер басқа аумақты зерттеу үшін негіз болып қызмет ететін кезде оқытудың өлкетанушылық принципін жүзеге асыру мақсатында ең жиі қолданылатын ойлау операциясын құрайды.

Салыстырудың көмегімен мектеп географиясының мазмұнында соншалықты кеңінен көрсетілген нысандар мен құбылыстардың типологиясы (климаттың, жер қыртысының, ауа массаларының, Жер рельефін қалыптастыратын сыртқы және ішкі процестердің, табиғи ресурстардың, елді мекендердің және қалалардың, халықтың санын жаңғыртудың типтері және т.с.) меңгеріледі және қолданылады. Географияның көптеген мәселелерінде салыстыру әдісі аса маңызды рөл ойнайды.

Дүниетанымды зерттеудің маңызды мәселесі болып оның зерттейтін аясының мәнісін қарастыру болып табылады. Біздің ойымызша, дүниетаным аясының мәнісі педагогикалық проблематикаға адамның қоршаған болмысқа қатысы ретінде анықталған. Шартты түрде мұндай тұрғыны әлеуметтік ретінде анықтайды. Ол мектеп оқушысын оқу-тәрбие процесіндегі танымдық іс-әрекетке қосқан кезде, объективтілік нақтылықтың, шындықтың творчестволық көрінісін зерттеуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының №3 томында «дүниетаным» ұғымы арнайы берілмеген, оны дүниеге көзқарас (305-306 беттер) - деп алмастырған. Ал «Кеңес энциклопедиялық сөздігінің» төртінші басылымындағы дүниетанымның анықтамасын алайық: дүниетаным – «бұл объективтік әлемге және ондағы адамның орнына, адамдардың оларды қоршаған болмысқа және өз өздеріне жалпылама көзқарастардың жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастар себепші болған олардың нағымдары, идеалдары, таным және іс-әрекет принциптері. Белгілі бір идеалды қоса отырып, табиғи-ғылыми, әлеуметтік-тарихи, техникалық және философиялық білімдердің негізінде түзіледі; оның таратушысы – болмысты дүниетанымның анықтамасының призмасы арқылы қарастыратын тұлға немесе әлеуметтік топ. Адамдардың жүріс-тұрыс нормасына, өмірлік ұмтылыстарына, қызығушылықтарына, еңбегі мен тұрмысына әсер ете отырып, орасан зор практикалық мағынаға ие. Өзінің мазмұны мен бағытталғандығы бойынша ғылыми және ғылыми емес, материалистік немесе идеалистік, атеистік және діни, революциялық немесе реакциялық болуы мүмкін».

Тұған өлкесі жайлы оқушыларда дүниетанымдық түсініктерді қалыптастырудың мұражайлардың орны мен маңызы қазіргі замандағы өркениеттік даму үрдісінде рухани болмыс пен сабактастықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарытыны сөзсіз. Адамзат тарихында ғасырлар мен ұрпақтардың арасын жалғастырып, қоғамның мәдени-рухани бейнесін жасауда мұражайлардың мәдени-әлеуметтік қызметі ерекше болып келеді.

Жалпы, «Мұражай» ұғымының өзінің тарихқа енгеніне 2,5 мың жылдай болыпты. Ежелгі гректер »мусейон« (мұражай) ұғымын музалар әлемі, яғни ғылым мен

әдебиетпен айналысатын және ғылыми сұхбаттар өткізетін орын деп түсінген. Ортағасырларда антикалық институттармен бірге бұл ұғым да қоғам өмірінен жоғалып кетті. .

«Мұражай» ұғымына екінші өмір берген Қ а й т а ө р к е н д е у дәүірінің мәдениеті аталған ұғымды жаңа мазмұнмен толықтырып, антикалық ескерткіштер мен өнер туындыларының коллекциясы мен раритетті заттардың жиынтығы ретінде анықтады.

Бірақ ХVI ғасырдың екінші жартысының өзінде жай заттар жиынтығы ғана емес, олардың қойылып, сақталған және экспонатталған орындарын білдіре бастады. Ғылым мен адамның білімін дәріптеген ағартушылық мәдениеті аталған ұғымның жаңа қырларын ашып, мұражайларды халық илгілігіне айналдырыды: енді оның басты белгісі заттарды сақтау, қорғау ғана емес, оларды уағыздау, көрсету, таныстыру болып, таным объектілеріне айнала бастады. 20 ғасыр адамзатқа мұражайлардың жаңа түрлерін ұсынды: ашық аспан астындағы мұражайлар, табиғи ортадағы сәулет өнері мен ұлттық мәдениет ескерткіштері. 19ғ. 2-ші жартысынан басталған ашық (аспан астындағы) жердегі мұражайлардың қалыптасу үдерісі ұлттық мәдени құндылықтардың, олардың тарихы мен өнерінің сақталуына, дәріптелуіне жол ашты, екіншіден, мұражайларда заттардың түпнұсқасын ғана емес, көшірмесін де экспонаттау бағыты пайда болды.

Қазіргі заманда мұражайлар ғылыми зерттеу және мәдени- ағартушылық орындары ретінде анықталып, олардың басты әлеуметтік міндеті ретінде мәдени-тарихи мұраларды, табиғи-раритеттік объектілерді тіркеу, сақтау, зерттеу, тарату болып табылады.

Мұражайлардың қалыптасу және даму тарихы ғылыммен тығыз байланысты. Мұражайлардың жұмысы ғылыми-зерттеулерге сүйенеді, себебі онсыз мұралық қоржинау, толыққанды экспозициялар жасау, мәдени- ағартушылық шаралар өткізу мүмкін емес. Демек, ғылыми зерттеулер кез-келген мұражайлардың қалыпты тіршілігінің негізі болып табылады. Мұражайтанулық зерттеулер мұражайлық заттарды жинау, сақтау, өңдеу және қолданудың теориясы мен тәсілдері саласында жаңа білімдерді қалыптастырып отырады. Бұл зерттеу жұмыстарының бірнеше бағыттарын атап өтсек: мұражайлардың ғылыми қағидасын жасау, қорды жинақтау саласын зерттеу, мұралардың коллекциясын жасау, көрмелер мен экспонаттауды ғылыми түрде жоспарлау, мұражай ісінің тарихын зерттеу және т.б. Мұражай ісінде соңғы жылдары эксперименттік әдістер енгізіліп, компьютерлік модельдеу, макеттер жасау қолдануда. Мұражай мен оның аудиториясының арасындағы қарым-қатынасты мұражай педагогикасы зерттеп, «мұражайлық –ортада» көркемдік тәжірибелі мен өнерге бейімдейді. Мұражай аудиториясын, оның құндылықтық бағдары мен рухани таоаптілектерін қанағаттандырудың жұмыстардың тиімділігін мұражай социологиясы анықтап отырады.

Әр мұражай өзіндік тарихы бар ғажайып қайталанбайтын құндылық. Сонымен бірге оның құқықтық жағдайына, іс-әрекет көлеміне және басқа да сипаттарына қарай мұражай әлемінің көптүрлігінен ортақ белгілер тауып жіктеуге болады. Ең алдымен мұражайлардың нақты ғылымдармен, өнер, техника, өндіріспен байланысына қарай тарихи, көркемөнерлік мұражайлар; т.б. с.с. деп бөлінсе, қоғамдық міндеттеріне қарай ғылыми зерттеулік, ғылыми-ағартушылық, оқу-білім мұражайлары деп те аталады. Кейінгілердің ішінде кеңінен таралған түрлі ғылыми-ағартушылық мұражайлары. Олардың жұмысы зерттеумен қатар көпшілікке бағдарланған, яғни мұражай қорлары ең алдымен мәдени-ағартушылық мақсатында қолданылады. Сондай-ақ құжаттау әдісіне қарай коллекциялық және ансамбльдік деп те аталынады. Мысалы: мұражай-үй, мұражай-шеберхана, мұражай-сарай, ашық жердегі мұражайлар (оның ішінде

ерекше статустағы қорық-мұражайлар). Өзінше типологиялық топты құрайтын мемориалдық мұражайлар да бар. Ал егер жіктелу негізінде территориялық-әкімшілік белгілер жатса, онда мұражайлар республиктық, аймақтық, облыстық, жергілікті болады. Сонымен бірге құқықтық жағдайы мен меншік түріне қарай мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік мұражайлар деп бөлінеді.

Белгілі бір территорияда орналасқан мұражай жиынтығы, мұражайлар жүйесін құрайды. Бұл ұғым бір профильді топтағы мұражайларды топтау үшін қолданылады: көркем өнер мұражайлар жүйесі, ашық жердегі мұражайлар жүйесі, т.б.с.с. Мұражайлар жүйелерінің қалыптасуына бірқатар факторлар әсер етеді. Ең негізгісі - қоғамдық сұраныстардың өзгеруі, ғылым мен өнердің дамуы, консервациялау мен реставрациялаудағы жаңа технологиялар, «мұражай заты» ұғымының кеңеоі т.б. жатады.


Соңғы онжылдықтарда әлеуметтік психологиялық зерттеулер, қазіргі заман адамына тигизетін психологиялық ықпалы анықталуда. XX ғасырдың соны мұражайлар саласындағы экономикалық мәселелердің пайда болуымен де белгіленеді. Мемлекеттік қаржыландыруды қысқарту, жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігі дәстүрлі мұражай тіліне жаңа ұғымдарды енгізуі талап етеді; олар - мұражай менеджменті мен мұражай маркетингі, фандреизинг. Мұражай менеджменті осы саладағы жағдайларды терең зерттеп, қаржыландыруды бөлу мен қызметкерлерді тағайындау приоритеттерін анықтауға, өз аудиториясын іздең табуға, өз мақсаттары мен міндеттерінің қатарын қоя білуге мұражай ісін тежеуші факторларды талдауға көмектеседі. Ал, дәйекті маркетинг тұтынушылардың сұраныстарын, талап-тілектерін қанағаттандырып қана қоймай, оны тікелей жасап отыруға, басқаруға және мұражай ұжымдарын қаржыландырушы субъектілерді іздең, олардың қажеттеріне ықпал етуге бағытталған құрал. Сонымен қатар көпшілікті ақпараттандыруға үлкен мүмкіншілік беретін интернет жүйесі екені мәлім. Қазіргі заманда мұражайлардың көбісі интернетте өздерінің жеке сайт беттерімен жұмыс істейді. Интернет тұтынушылар мен мұражай мамандарының интерактивті қарым-қатынасын ұйымдастыра отырып, мұражай өнімдерін уағыздауға мүмкіншіліктер жасайды.

«Тұған өлкесі жайлы оқушыларда дүниетанымдық түсініктерді қалыптастырудың мұражайлардың орны» айдарымен қарастырған аталмыш тақырып мазмұнын қорытындылай отырып, мектептегі педагогикалық практика барысында 7-ші сыныптағы «Өлкетану» пәніне байланысты, оқушылармен қаламыздың «Алматы мұражайына» экскурсия ұйымдастырық. Оны ұйымдастыру жұмысы тек сыныппен ғана емес, ата-ана және сынып жетекшісімен бірлесіп жасалған жоспар бойынша мектеп директорының бүйірігімен жүзеге асырылды. Жалпы дайындық барысында осы жорығымыздың бағдарлы маршруты сыйылып, ол егжей-тегжейлі талқыланды. Топ жорыққа шығар алдында қажетті қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды, өйткені қауіпсіздік ережелерін сақтау – бұл жорыққа шыққан топтың әрбір мүшесіне қойылатын басты талап.

Жорыққа әзірленіп шығу мәселесінде әртүрлі жағдайларды болдырмау үшін жорыққа қатысушы әрбір оқушы келесі талаптарды орындаулары тиіс:

- саяхат техникасынан дәрістер мен әзірліктерге жүйелі түрде қатысу;
- жол қозғалысының ережелерін, автомобиль және автобус / троллейбус транспортымен жүру ережелерін оқып білу және қатаң орындау;
- белгілі бір маршрутты танып білу;
- дәрігерлік тексеруден өту және жорыққа қатысуға дәрігерден рұқсат алу;
- жорыққа – жеке және топтық құрал-жабдықтарды дайындау.

Төменде біз осы экскурсияның маршрут бағытын, Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз:



Сурет № 1. Жорық бағытынының сыйба үлгісі

Әдебиет:

1. Музееведение. На пути к музею XXI века: Сб. науч. тр./НИИ культуры. - М., 1991.-384 с.
2. Музеи. Маркетинг. Менеджмент.-М.: Прогресс-традиция, 2001.-224 с.
3. Каратеев Л. Музейная экспозиция - наука? // Декоративное искусство СССР. - 1976. - 9 (226). - С. 19.
4. Касеинов Д.К. Задачи и роль музейных учреждений Казахстана в развитии культуры современного общества//Проблемы отражения основных этапов Отечественной истории в музейной экспозиции: Материалы Республиканской научно-практической конференции, 45 марта 1998 г.). - Алматы, 1998. - С. 10-20.
5. Алимбай Н. Центральный Государственный музей Республики Казахстан: краткий исторический экскурс, структурные преобразования, проблемы // Труды ЦГМ РК. - вып 1. - Алматы: Гылым, 2004. - С. 11-18.

ӘОЖ 581.54

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА СЕМІЗДІКТІҚ ТАРАЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Есмаганбетова Б., Баймышева Д., Базарбаева С.М.
(M. Қозыбаев атындағы СКМУ)

Семіздік дегеніміз - тері асты шеліне және басқа да организмдегі тіндерде майдың жиналудының нәтижесінде ден салмағының 20%-ке, немесе одан да көп артуын айтамыз. Экономикасы жақсы дамыған елдерде халықтың 20-30%-ы семіздікпен ауырады, соңдықтан бұл тек медициналық қана емес, әлеуметтік маңызы бар ауру түрі.

Галымдар адамның іс жүзінде салмағы оның қалыпты салмағының 15%-дан асып кеткенде жағдайын семіру деп есептеген.

Адам қолданатын тағамның калория мөлшері организмнің энергетикалық жұмсауларынан артылған шақта, семіздік дамиды. Оның жиі кездесетін себептердің бірі-дұрыс тамақтанбау (шамадан тыс тамақ қабылдау, негізгі тағам көлемін кешкі сағаттарда қабылдау) және физикалық жүктеменің азаюы. Тұқым қуалай отырып, семіздікке бейімділік беріледі. Зерттеулер жүргізе отырып, анықталған себептер: егер ата-анасы арықтау болса, баласында 14% жағдайда; ал анасы мен әкесі де артық салмақты болғанда-80% жағдайда осы ауру дамиды.

Семіздіктің барлық түрінде май алмасуын реттейтін орталық механизмдер бұзылады. Гипоталамуста қанығу орталығы (вентромедиалды ядро) және тәбет орталығы орналасқан, олар тамақ қабылдауды өздігінен реттеп тұрады. Гипоталамустың қабынулық немесе жарақттанулық зақымдануы осы орталықтарды қоздырады, тәбетті ұлғайтады, ол гипоталамустың семіздікке әкеліп соқтырады.

Жіктелуі. Семіздіктің біріншілік деп бөлеміз, оған алиментарлық-конституционалдық семіздік жатады, бұл көбіне отбасылық көрініс. Семіздіктің екіншілік түріне гипоталамустың және эндокриндік семіздік жатады. Дене массасының артық мөлшеріне байланысты семіздіктің I сатысын ажыратады. I сатысында - артық салмақ қалыптағыдан 20-29% артық, II сатысында - 30-49%, III сатысында - 50-99%, IV сатысында - 100% және одан да көп. Дененің дұрыс салмағын білу үшін арнайы кестелер қолданады немесе дене салмағының әріпсанын есептейді, ол үшін дененің салмағын (кг) бойдың ұзындығына (м) бөліп, квадратын шығарады, қалыпты жағдайда ол 20,0-24,9 тең.

Дененің майлылығын қалыпты, арық, семіз деп үшке бөлеміз. Дененің семіздігін кіндіктің және жауырынның тәменгі жағындағы тері асты май қабаттарының қалындығын өлшеу арқылы анықтайды. Қолдың үлкен және сұқ саусақтармен терінің және тері асты майының 5 см көлемі жиырылады. Арық адамның терісі мен тері асты майының аздығынан саусақтардың ұштары бірін-бірі оңай сезеді, саусақтың астында бұлшық еттің және сүйектердің қырлары анық байқалады. Адамның толықтығы қалыпты болғанда теріні саусақтарға жинау қынға түспейді, саусақтар бірін-бірі сезінеді. Бұлшық еттер мен сүйектердің қырлары анық көрінбейді. Семіз адамның терісін саусақтардың арасына жинау қынға соғады. Сүйектер мен бұлшық еттердің қырларын ұстая өте қын. Тірек-қымыл аппаратын зерттеу барысында сұрастыру арқылы буындардағы зақымды, қозғалыстың нашарлығын немесе керісінше қозғалмалығын, оның шықпалы болып қалғандығы сияқты белгілерін анықтайды. Осыдан кейін әрбір буынның қозғалу көлемін тексереді. Оны арнайы циркульмен-гониометрмен өлшейді.

Сырттай бағалау арқылы дененің нормостениялық гипо және гиперстениялық түрлерін белгілейді.

Сонымен біз артық салмақ өзімізге көрік бермейтін аса қатерлі жүрек ауруларының, гипертонияның, қант диабетінің, қатерлі ісік ауруларының қуатты қоздырушысы екенін білеміз. Дұние жүзінде қезіргі кездे сауығу қозғалысы кең етек алды, соның ішінде адамдар бұл күндерді артық салмақ пен семіруге қарсы құрес жүргізуде.

Тарихты да еске түсірген жөн болар. Мысалы ертедегі Спарта елінде жас жігіттер толып, семіре бастаса қаладан қуылатын болған. Осында жазадан қорыққан спарталық еркектер тамақты аз ішуге, толмауға, стандарттан аспауға мәжбүр болған. Ежелгі Рим мен Афинада да арық, күшті атлеттерді жоғары бағалаған.

Біздің заманың тағы бір қауіпті көрінісі - ол жастар арасында семірушілердің көбейіп бара жатқандығы. Қазіргі кезде семіздіктен зардал шегетін еркектердің орта жасы 42,3-ке әйелдің орта жасы 38,5-ке тең. Еркектердің семіретін қатерлі кезеңдері 35-50 жастың арасы болса, әйелдердің семіретін кезеңдері бұданда ерте болып отыр. Семірғен кезде ғана емес, салмақ нормадан аздал асқан кезде дабыл қаққан, денсаулық үшін алаңдай бастаған абзal.

Қалай болса да, мейлі, терминологияны түсініп алайықшы. Егер салмағыңыз нормадағы салмақтан 9% асса, онда әңгіме семіздік жайында емес, артық салмақ жөнінде. Ал салмағыңыз мөлшерден 10% асса, онда семіргенің. Семіздіктің өзін ауырлығы бойынша бірнеше дәрежеге бөледі. Семіздіктің бірінші дәрежесінде салмақ нормадан 10-20%, екіншісі 30-40%, үшіншісінде 50-99%, төртіншісінде 100%, тіпті оданда ары асып кетуі мүмкін.

Семірудің негізінде не жатыр? Сөз жоқ, энергетикалық дисбаланс.

Тепе-тендіктің бұзылуына екі түрлі себеп бар. Ол - тамақсаулық және аз қымылдау, жалқаулық. Темекі тарту, арақ ішу, түқым қуалаушылық есірткіге әуестілік, инфекциялық аурулар семіздікке ұрындырады.

Қазіргі медицинаның дәлелдеуі бойынша, семіздік денсаулықты құртады, адам өмірін қысқартады. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, адамдардың орташа жасын 7-10 жылға кемітеді екен. салмағы өте жоғары адамдар, салмағы қалыпты адамдармен салыстырғанда 2 есе көп өлітіні белгілі. Әсіресе, семіздік қан қысымының жоғарлауына үлкен ықпал жасайды.

Семіздік тек қымыл-қозғалыстың кемдігінен пайда болады деу қате пікір. Оған әсер ететін жайттар өте көп. Ол адамның тамақтану мәдениетін білмеуі, яғни бірінғай тамақтың түрлерін қолданудан да болады. Мәселен, өте майлы тағамдарды, сүйік заттарды көп қолдану, сол сияқты витаминдердің жетіспеуі, зат алмасуның бұзылуы, денеде тұздың көбейіп кетуі айтарлықтай физиологиялық өзгерістер туғызады [1].

Осыған қоса ішкі секреция бездері қызметі кенет төмендеуі де үлкен әсер етеді. Негізінде семіздікті сыртқы және ішкі себептерге байланысты екі түрге бөледі. Сыртқы себептерге мешкейлік, аз қымылдау, бала кезде тәттіге әуестену, ал ішкі себептерге ішкі секреция бездерінің бұзылуы, зат алмасуның нашарлауы жатады.

Семіздік қандай себептен пайда болса да ол денсаулыққа өте зиян. Өйткені артық салмақ жүрек, өкпе, қан-тамырлары, асқазан, ішек қарын, буындарға үлкен күш түсіреді. Сондықтан семіздікке шалдыққан адамдарда сан алуан белгілер байқалады. Олардың ауырмайтын жері жоқ, соған орай емделмейтін әдістері де болмайды. Әйтсе де оның бері ретімен берілген жаттығуға жетпейді.

Қымыл - қозғалыстың тапшылығы тек ересек адамдар арасында кездеспей, жасөспірім, балалар арасында да байқалуда. Өскелең организмге сыртқы күштің әр түрлі жағымсыз әсерінен омыртқа жотасы, аяқ, табан құрылышы, пішіні өзгеріп кетеді. Олар іштен тұа және жүре пайда болған деп екіге бөлінеді. Аурудың жүре пайда болуы, улануға, жаралануға, зат алмасудың бұзылуына, денеге инфекция енуіне, сол сияқты тұлға, қаңқа сүйектің қисауы гипокинезияға тікелей байланысты. [2].

Адам қалай семіреді? Адам энергиялық құндылығы өте жоғары болғанда, өзі жұмсай алатын деңгейден көп мөлшерде тاماқ ішкен кезде, басы артық қоректік заттардың бір бөлігінен (ең алдымен майлар мен көмірсулар) адам организмі қор жинауға мәжбүр болады. Бұл артық шамадан калориялығы өте жоғары майға айналады. Осының салдарынан келіп тері астына көп мөлшерде май жиналады.

Семіріп кету зат алмасудың түкым қуалау-дene бітімі ерекшеліктерінің, жыныс және жас өзгешеліктерінің, май алмасуды реттейтін нейро-гормондық орталықтардың зақымдануының салдарынан болуы мүмкін. Семіріп кетуге соңдай-ақ орталық нерв жүйесінің, эндокриндік органдардың, ең алдымен гипофиздің, бүйрек үсті, қалқан және үйқы бездерінің бұзылуы да себепші болады. Кейде жүйкенің қатты шайқалуының немесе дененің бір жері зақымдануының өзінен-ақ май алмасуының бұзылуы, дұрыс тاماқтанса да, оргнаизмде май қорының тым көп жинала бастауы мүмкін. Семірудің мұндай түрін патологиялық семіру деп атайды.

Семірудің зардаптары қандай? Медициналық статистика семірудің медицина көмектесе алатын алғашқы сатысында салмағым артып барады деп дәрігерге ешкімнің келе қоймайтынын көрсетеді. Ал семірудің екінші қатардағы зардаптары, соның ішінде жалпы ауру-сырқау, жүрек тұсының шаншуы, бас ауруы, демікпе, дәреттің бұзылуы, аяқтың ісінуі, мазалаған кезде жұрт дәрігерге көрінеді. Кейде уақытын өткізіп алған адамдар, медицинаның бұл қауіпті ауруды емдеуге шамасы келмейтін, тек кейбір зардаптарын женілдетуге ғана болатын кезде бір-ақ көрінеді. Адам қай жаста болса да (әсіресе жас кезде) семіру-өте қауіпті және күрделі ауру екенін түсіну керек [3].

Семірген кезде организмнің көптеген мүшелері мен жүйелері зақымданады, бірақ бәрінен жиі және бәрінен бұрын зақымданатын-жүрек-қан тамыр жүйесі. Медициналық зерттеулер семіздіктен ауырғандардың 80%-ын жүрек-қан тамыр жүйесінің теріс өзгерістері болғаны, ең алдымен артериялық қысымы артқанын анықтаған. Мұның бір себебі-организмде май жиналған кезде қан ағысының қындауы. Семірген кезде жүректі май басып, оның механикалық жұмысын нашарлатады. Семіру атеросклероздың асқынуына себепші болады. Өйткені май мөлшерінің артуы жүрек пен қан тамырларына көп күш түсіреді. Семіру дәрежесі артқан сайын атеросклерозбен ауыру жиілігі арта береді.

Семіздік өкпе жағдайына да теріс әсер етеді. Майдың өзі-ақ тыныс алуға механикалық кедергі жасайды, бұған қоса өкпемен байланысты қан тамырларын май қысып тастайды да, бұдан өкпенің ауа өтіп, тазартылып тұруы нашарлайды. Осының бәрі семіздіктен ауыратын адамдардың пневмониямен бірнеше есе жиі ауыруына әкеліп соғады [4].

Семіздік екінің бірінде созылмалы гастритке, созылмалы холециститке, диабетке, бүйрек ауруына ұласады. Семіздік адамның нерв жүйесіне де зардабын тигізеді, мұның өзі үйқы бұзылуынан, тәбеттің артуынан, шөлдей беруден, вегетациялық зақымданудан басталады.

Мұның бәрі семіздікпен бірге келетін аурулардың қысқаша тізбегі ғана. Әдетте ауру жалғыз келмейді, алуан түрлі ауру араласып, бірнешеуі бірге келеді. Тіпті семіруге байланысты емес аурулармен (жұқпалы аурулармен) ауырған жағдайда да олар семіз адамдарда анағұрлым ауыр болып, асқынып кетеді.

Семіздікке қарсы қалай күресуге болады? Семірудің бүкіл организмнің ауруы екенін, ондайда көптеген мүшелер мен жүйелер зақымданатын, мұның өзі емделуден гөрі алдын ала сақтану анағұрлым оңай болатын ауру екені белгілі.

Бұл үшін өз салмағынды үнемі қадағалап отыру керек. Егер салмақ 3-4 кг асып түссе, тиісінше шаралар қолдану керек. Ол үшін тиімді тاماқтанған жағдайда тاماқтың энергиялық құндылығы мен жұмсалатын энергия шамамен бірдей болуға

тиіс. Салмақ артқан жағдайда тамқтың калориялышының азайтып, энергия жұмсауды арттыру қажет.

Тамақтың калориялышының майлар мен көмірсулар есебінен кеміткен жөн. Белоктар-тамақтың алмастыруға болмайтын компоненті, сондықтан оларды азайтуға болмайды. Ең дұрысы-күнделікті тамақта тәттінің және майдың мөлшерін шектеу, нанды, ботқа, картоп, тұзды тағамдарды көп пайдаланбау керек. Әсіресе тұз организмде судың жинақталуына себепші болады.

Тамақтанудың сипатын және режимін өзгертумен қатар бұлшық ет энергиясының жұмсалуын да арттыру керек. Күнде таңертең радио мен телевизия арқылы берілітін дene шынықтыру серігүге жақсы және оның психологиялық сипаты мол. Онда күшке түсетіндей ештеңе жоқ, бұл әбден түсінкті де, өйткені ол іс жүзінде денсаулық жағдайына қарастан жұрттың бәріне (жастарға да, қарттарға да) арналған жаттығулар болып есептеледі.

Салмақты азайту үшін емдік дene шынықтыру керек. Дәрігермен ақылдақаннан кейін жаттығулардың көбін күш түсіріп жасаған жөн, яғни секіретін болсаң гантельмен секіру, қолды құлаштай жазатын болсаң, эспандермен, иіліп-бүгілетін болсаң гирмен қимыл жасау қажет-ақ.

Әдебиет:

1. Ш.С.Тәжібаев, Ш.А.Балғынбеков, М.С.Қайнарбаева «Артық дene салмагы мен семіздіктің алдын алу». Алматы, 2012.- 17 б.
2. Т.Ш.Шарманов, Ш.С.Тәжібаев, Ш.А.Балғынбеков «Артық дene салмагы мен семіздіктің алдын алу бойынша жетекші құрал». Алматы, 2012.- 7 бет.
3. Ш.С. Тәжібаев «Балалар мен жасөспірімдер арасында семіздік көбеюде» Н. Елеухан «ҚазАқпарат» газеті.- Алматы, 2010..
4. X.К.Сәтбаева, Ж.Б.Нілдібаева «Валеология» оқу – әдістемелік құрал.- Алматы «Ғылым», 1999.- 77 б.

ӘОЖ 537.533.7

НАНОМАТЕРИАЛДАР МЕН НАНОҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ОЖЕ-МИКРОЗОНДЫҢ СҰЛБАСЫН КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ

Жанбираева П.А.

(академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

Жетекші заманауи технологиялар оның ішінде нанотехнологиялар бетте жүретін құбылыстармен анықталады. Беттері маңызы рөлді атқаратын әр түрлі наноматериалдардың, наноөлшемді құрылымдардың қасиеттерін зерттеуге қызығушылық артуда. Қазіргі кезде қатты дene бетін зерттеу – наноөлшемді және молекулалық құрылымдардың физикасы, заманауи материалтану, нано- мен микроэлектроника, нанотехнология, конденсацияланған күй физикасы және жұқа қабыршақтар физика мен химиясы үшін үлкен мәнге ие болатын дамушы білімдер облысына айналды.


Нанообъектілердің және наножүйелердің құрылымын және құрамын диагностикаудың көптеген түрлері екінші ретті электрондардың энергиялық спектрлерін нақты талдауға негізделген. Қажетті диагностиканың келешек негізі - электрондық спектроскопия әдістері болып табылады. Бұл әдістер қатты дененің

терендейігі бойынша нанометрлік ажыратуымен сипатталады. Электрондық спектроскопия әдістеріндегі талдау тереңдігі 0,2-2 нм құрайды. Энергия талдау мақсаттары үшін жиі әр түрлі пішінді өрістер негізінде құрастырылған энергия талдағыштары қолданылады.

Электрондық спектроскопияның іске асырылуы - басты элементі төмен және орташа энергиялық электрондардың дисперсиялық энергия талдағышы болып табылатын күрделі құралдардың қолданысына негізделген. Заманауи технологиялардың әрі қарайғы дамуы диагностика құралдардың қуйімен анықталады. Сондықтан зарядталған бөлшектер ағындарын энергия талдауы - бар құралдардың жетілдіруін немесе жаңа корпускулалы-оптикалық жүйелердің өндеп шығарылуын талап етеді. Зарядталған бөлшектер ағындарының энергия талдаудың дисперсиялық жүйелерін құрастырудағы ең маңызды мәселелерінің бірі – ауытқушы өрісті анықтау және ауытқушы электродтардың пішінін есептеу болып табылады.

Эксперименттік сұлбаның маңызды бөлігі (1-сурет) E -ден $E + \Delta E$ -ге дейінгі таңдалған интервалындағы энергияларға ие болатын зарядталған бөлшектер тоғының тығыздығын анықтауға мүмкіндік беретін құрылғы – энергия талдағыш болып табылады. Энергия талдағыш ағында зарядталған бөлшектердің энергиялары бойынша қалай таралатынын білуге мүмкіндік береді.

Оже-микрозондты жасап шығарудың өзектілігі – беттің бейіндік жоғары локальді оже-талдау құралдарында, микро- және наноэлектроника аспаптарын жасап шығарудың вакуумды технологияларында қолдануға бағытталған физика-аналитикалық жабдықтау нарығында шынайы пайда болған сұраныспен байланысты. Оже-микрозонд аса жоғары вакуумдық технологиялық процестердің метрологиялық жүйесі ретінде қолдануға арналған. Мысалы оже-микрозонд қабықшалардың өсуі, молекулалы-сәулеңілік эпитетаксия, ионды имплантация, плазмалық өңдеу және т.б. салаларда қолданылады. Ал бұл салалар өз кезекте қазіргі уақытта жаңа материалдар мен құрылымдарды, микро- және нанообъектілерді жасап шығару кезінде ең алдыңғы және тиімді болып саналады.




Сурет № 1. Электрондардың және женіл иондардың энергиялық спектрлерін өлшеу бойынша эксперименттік стандарттық сұлбасы

Технологиялық процестерге кірістірілетін диагностикалық жабдыққа қойылатын негізгі талаптар – 1) талдағыштың салыстырмалы энергиялық ажыратуы 0,5 %-дан кем болмау және 2) қоздырушы электрондар шоғының диаметрі 1 мкм. Оже-микрозондқа қосымша қойылатын талаптар – кіші габариттер (конфлат CF 100 типті фланец) және негізгі технологиялық жабдықтың құнына бірнеше реттілікке кіші жоғары емес баға.

Екінші ретті иондық спектрометрия (ЕИМС) беттік диагностикасына жайғастырылған және бұзушы әдістерінің бірі болып табылады. Соңдықтан технологияларға кірістіруші әдістеме ретінде шектелген қолданысқа ие. Бірақ практика жүзінде кейбір жағдайларда электрондық спектроскопия әдістері пайдасыз болады, ал екінші ретті масс-спектрометрия оның қамтамасыз ететін сезгіштіктің жоғары деңгейі салдарынан баламаларға ие болмайды.

Ерекше көрсетілген мәселелені келесі әдістерді үйлестіру жолымен оңай шешуге болады: 1) негізгі әдіс ретінде электрондық оже-спектроскопия (ЭОС) және 2) қосымша әдіс ретінде және сынни жағдайларда қолданылатын ЕИМС. Әдістердің кеңістіктік үйлестіру үшін «ұлгі - талдағыш» үлкен ара-қашықтықта ие болатын құралдар қажет. ЭОС және ЕИМС қамтамасыз құралдарын кеңістіктік үйлестіру есебі (2-сурет) және габариттерге қойылатын талаптарды ескерген жағдайда тек олардың анықталған геометриясында ғана мүмкін болады.



Energy separator – иондар энергияларының сепараторы,
QMF – квадрупольдік масс фильтр, Energy analyzer – кірістірлген электрондық
пушкасы бар энергия талдағыш, Target – зерттелінетін ұлгі (нысаны)

Сурет № 2. ЭОС және ЕИМС әдістерді кеңістіктік үйлестіру

Сонымен бетті талдаудың электронды және ионды әдістерді үйлестіру бірінші кезекте бір шағын қондырғының ішінде ЭОС және ЕИМС әдістерін үйлестіру заманауи нано- және микроэлектрондық аспаптардың жасап шығаруда технологиялық және бақылау (диагностикалық) құралдарды құрастырудың маңызды амал-тәсіл болып саналады. Жоғарыда атап кеткендей, негізгі шектеу – ұлгіден талдағыштың шетіне дейінгі ара-қашықтық болып табылады. Бұл ара-қашықтықты шартты түрде тоғыстық ара-қашықтық деп атауға болады, талдағыштың және сепаратордың сыртқы диаметрі 80 мм болғанда ол 20 мм-ден кем болмауы тиіс. Осындай тоғыстық ара-қашықтық CF 100 фланецтерде құрылғылардың әрқайсысын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ионды пушка келесідей орналасады: оның сәулесі зерттелінетін ұлгіге қатысты кейбір бұрышпен бағытталуы керек (2-суреттегі энергия талдағыш пен сепаратордың орналасу жағдайына ұксас). Эксперимент жүргізуде талдағыштың тоғысы мен оған коаксиалды түрде кірістірледін электрондық пушканың үлгінің бетінде үйлестірілгендей, ол да ұзынтоғысты болуы тиіс.

Микро- және наноқұрылымдарды құрылудың *in-situ* процестерін талдаудың ең тиімді физикалық әдістерінің бірі болып табылатын оже-спектроскопиясы үшін жоғары жарық күші (сезгіштік) және ажырату қабілетке ие болатын аксиалды-симметриялық энергия талдағыштар пайдаланылады [1].

Классикалық айналық цилиндрлік талдағыш [2] ұзын тоғысты қамтамасыз ете алмайды. Соңғы жылдары цилиндрлік айналық энергия талдағышқа баламалы аксиальны-симметриялық энергия талдағыштардың көптеген жаңа конструкциялары ұсынылған.

Бұл мәселенің шешілуін гексапольдік-цилиндрлік өрістер негізінде құрастырылған энергия талдағыштар қамтамасыз етеді. Гексапольді-цилиндрлік өрістің потенциалы:

$$U(r, z) = \mu \ln r + \gamma U_h(r, z) \quad (1)$$


$$\text{мұндағы } U_h(r, z) = \frac{1}{2} \left\{ \ln r \left[z^2 - \frac{1}{2} r^2 - \frac{1}{2} \right] + \frac{1}{2} r^2 - \frac{1}{2} \right\} \quad \text{- дөңгелектік гексаполь, } r$$

мен z – цилиндрлік координаталар, μ – цилиндрлік $\ln r$ өрістің салмақтық үлесін беретін коэффициент, γ – дөңгелектік гексапольдің құраушысы.

Гексапольді-цилиндрлік өріс негізінде энергия талдағыштың электронды-оптикалық сұлбасы 3-суретте көрсетілген. Суреттен көрінетіндегі, зерттелінетін үлгіден бірінші ретті сәулеленумен қоздырылып ұшып шыққан екінші ретті электрондар ішкі цилиндрдегі бір өлшемді тормен қапталған арнайы кіру терезесі арқылы гексапольдік-цилиндрлік өріске кіріп, кейін сыртқы электродтың потенциалының әсерінен ішкі цилиндрдің өсіне қарай ауытқып қозғалады да, цилиндрлік электродтың бетінде тоғысталады. Шығу саңылаудан өткен электрондар детектормен тіркеледі. Сонымен сұлбада «өссе-сақина» типті екінші ретті бұрыштық тоғыстау режимі орындалады. Берілген талдағыш ұзын тоғысты қамтамасыз етеді.


Сонымен гексапольді-цилиндрлік өрістер - электронды-оптикалық қасиеттері бойынша бірегей параметрге ие болатын энергия талдағыштарды құрастырудың негізі бола алады. Мұндай таладғыштар электрлік өрістердің симметрия өсі бойынша біртексіз болып табылатын ұзын тоғысты энергия талдағыштарды құру мүмкіндігін береді.

Энергия талдағыш және оған кірістірілетін электрондық пушканың модельдеу нәтижелері бойынша CAD SolidWorks [3] бағдарламалық ортада ұсынылған ұзын тоғысты оже-микрозондтың элементтеріне модельдеу жүргізілген. Кірістірілген электронды пушкадан құрылатын энергия талдағыш CF 100 типті фланецте орналастырылған (4-сурет). Фланец вакуумдық шарттардың бұзылуына әкелмейтін шығу диафрагмасының енін бірқалыпты өзгеруін қамтамасыз етеді. Электрондардың коллекторы ретінде арналы екінші ретті электрондық көбейткіш қолданылады.



1 – цилиндрлік электрод, 2 – қисықсызықты пішінге ие сыртқы электрод, 3 – кесіктік электродтар, 4 – екінші ретті электрондар, 5 – зерттелінетін үлгі, 6 – бірінші ретті электрондар, 7 – магниттік экран, 8 пен 9 – кіру мен шығу саңылаулары, 10 – детектор, ЭП – электронды пушка

Сурет № 3. $\mu = 1$, $\gamma = -1$ үшін гексапольді-цилиндрлік өріс негізіндегі энергия талдағыштың электронды-оптикалық сұлбасы



Сурет № 4. Оже-микрозондтың моделі

Жұмыста заттың локальдік талдауға арналған энергия талдағыш пен кірістірілетін электронды пушқадан құрылатын ұзын тоғысты оже-микрозондтың модельдеуі жүргізілген. «Талдағыш-ұлғі» үлкен жұмыс кеңістігі оже-микрозондты басқа қатты дене бетін зерттеудің баламалы әдістерінің құралдарымен кеңістіктік үйлестіруге мүмкіндік береді.

Әдебиет:


1. An Auger Electron Analyzer System for *In Situ* MBE Growth Monitoring / Monday, October 31, 2011, 3:40 pm, Room 106 / Session: [In Situ Characterization of Solids: Film Growth, Defects, and Interfaces](#) / Presenter: W.L. Calley, Georgia Institute of Technology / Authors: W.L. Calley, P.G. Staib, J.E. Lowder, J.D. Greenlee, M.W. Moseley, W.E. Henderson, W.A. Doolittle.
2. Зашквара В.В., Корсунский М.И., Космачев О.С. Фокусирующие свойства электростатического зеркала с цилиндрическим полем // ЖТФ.- 1966.- Т. 36, вып.1.- С. 132-138.
3. www.solidworks.com

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Жанибекова А.Б., Тайжанова М.М., Искандирова З.С., Тақыр Ж.С.
(M. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Денгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Білім алушы білімін бастапқы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу білім алушылардың өз бетінше ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялышын, ойын ұштайды. Деңгейлеп оқыту технологиясының маңыздылығы – әрбір оқушының даму деңгейіне байланысты оқу материалын қамтамасыз ету [1].



Сызба № 1. Оқыту технологиясының ғылыми-теориялық негіздері

Оқушыларды деңгейлеп оқыту технологиясының ғылыми-теориялық негіздері:

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.
2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі даму деңгейіндегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен сарапалап жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
3. Деңгейлеп оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.
4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болуы үшін деңгейлеу бағдарламасы маңызды екі аспекттің, екі тұсты қарастырады:
 - а) белгілі деңгейдегі білім, білік, дағдының менгерілуін қамтамасыз етеді;
 - б) балалардың белгілі деңгейде өз бетімен оқуына, білім алуына жағдай жасалады (мұғалім тарапынан көрсетілетін тұрақты көмек, үлгі бойынша жұмыс, кеңес беруден бастап, өз бетінше толық жұмыс істеуге дейін).

Тапсырмалар мен есептер оқушылардың дайындық деңгейлеріне байланысты беріледі. Әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларға мысалдар келтірейік. «План және карта» тақырыбы бойынша тексеру тапсырмалары:

«А»

1. Ұғымдарға анықтама берініз: жергілікті жердің планы, географиялық координаталар, масштаб, географиялық бойлық, абсолюттік биіктік.
2. Везувий жанартауының және Мехико қаласының географиялық координаталарын анықтаңыз.

«В»

1. Абсолюттік биіктік және салыстырмалы биіктік ұғымдарының айырмашылығы неде? Олардың қайсысы картада белгіленеді?
2. Масштабты өзініз таңдап, сызбада 500 метр қашықтықты бейнелеңіз. Сандақ және атаулы масштабты жазыңыз.

«С»

1. Кarta бойынша теңіздердің қайсысы ұсақ екенін анықтаңыз: Беринг, Қара, Карск. Жауабыңызды негізденіз.
2. Әлемнің физикалық картасы бойынша шығанақтардың қайсысында су көп екенін анықтаңыз: Гудзон немесе Мексика? Жауабыңызды түсіндіріңіз [2].

«A», «B», «C» бағдарламаларының арасында қатаң сабақтастық бар. Олардың баяндау логикасында ұздіксіздікті, жартылай болса да негізгі ұфымның бүтін суретін көрсететін әр тақырыптың міндетті минимумы беріледі. «C» бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде беріледі. Оларды орындаі отырып, оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды менгереді. «B» бағдарламасы қолдануға арналған есептерді орындау үшін қажет, ол оқушылардың оқу, ой әрекетінің арналы тәсілдерін менгеруін қамтамасыз етеді. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды кеңінен түсінуге көмектеседі. «A» бағдарламасында орындалуы оқушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой әрекетінің тәсілдерін және оқу материалын еркін игеруді көздейді [3].

Білімді бағалау кезінде деңгейге бөлуі тереңдей түсіп, әрбір оқушының жетістігі есепке жеке алынады. Барлық оқушы білім стандарты деңгейін толық игергеннен кейін ғана жаңа материалға ауысу жүзеге асырылады. География пәнін оқытуға кіріспес бұрын мұғалім сабақ беретін сыныбы туралы білімі мен біліктілікті қамтамасыз ету талаптарын жақсы білгені абзal. Өйткені соның негізінде әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындалады.

Әдебиет:

1. Копжасарова М. Развитие идей дифференцированного обучения в теории и практике общеобразовательной школы. – Изденис, 2001. - № 1. - С. 123–129.
2. Верховцева Л.А., Костюченко О.А., Прахнау В.И., Карапабанов Р.А., Бойко Г.С., Матвеева С.А., Мұсабаева М.Н. 6-сынып жаратылыстану. Оқулық 1,2 бөлім. – Алматы, 2018
3. Новикова Л.И. Дифференцированный подход к учащимся в процессе обучения. –Начальная школа, 2002. - № 1. - С. 48–51.

ӘОЖ 372.891

САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНДА ДИФФЕРЕНЦАЦИЯЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАҢУ

Жолдасов С.С., Тайжанова М.М., Исқандирова З.С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

XXI ғасырдағы білім беру жүйесіндегі әлемдегі өзгерістер қоғамның дамуына үлкен әсер ететіні сөзсіз. Білім беру жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі ол жаһандық өмір жағдайына бейімделген, зияткер, әлемдік бәсекеге қабілетті, өз жолын дұрыс таңдай біletін жаңа тұлға дайындау болып отыр. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге үшінрап, жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында дүниеге келген жаңа модельдер мен білім беру үрдісінің ақпараттандыруға бет бұрды. Бұғінгі күннің басты мәселелерінің бірі білім беру үрдісінде озық мемлекеттердің тәжірибелерімен танысып, оларды зерделеу арқылы үлттық білім беру жобасын құру[1]. Ендеше дамыған елдердің отыздық қатарына қосылууды көздеген егеменді еліміздің алға қойған басты мақсаттарының бірі жаңа формадағы мұғалімдерді оқытып даярлау болып табылады. Бағдарламада қарастырылған дарынды балаларды оқыту идеясын жүзеге асыруда алдымен сол оқушыларға білім беретін мұғалімдерді оқыту тиімді бастама деп айтуга болар. Осы орайда мен «Дарынды балаларды оқыту» курсыын өз мектебімде бастап кеттім. Ең алдымен курстың жылдық жоспарын жасау

